



«Ғасырлар пернесі» атты балалар мен жасөспірімдер арасында аудандық қосымша білім беру ұйымдарының қазақ ұлт-аспаптар ансамбльдері арасында өткізілетін байқаудың

ЕРЕЖЕСІ

Ұлттық өнер — ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан асыл мұра, халқымыздың рухын танытатын қасиетті қазына. Домбыраның күмбірі, қобыздың қоңыр үні, сырнайдың сырлы сазы — ғасырлар қойнауынан жеткен ұлттық өнеріміздің мәңгілік үні.

Осыған орай М.Төлебаев атындағы балалар музыка мектебі аудандық «Ғасырлар пернесі» халық аспаптар ансамбльдері байқауын өткізеді. Байқауға аудандық қосымша білім беру ұйымдарының қазақ ұлт-аспаптар ансамбльдері қатыса алады.

1. Байқаудың мақсаты:

Қазақтың дәстүрлі музыка өнерін дәріптеу, жас орындаушылардың шығармашылық қабілетін шыңдау және ұлттық аспаптарға деген қызығушылықты арттыру.

Міндеттері:

- Күйші-композиторлардың күйлерін насихаттау, туындының мазмұнын, характерін, сюжетін толық жеткізіп орындау;
- Өнерлі жас ұрпақтың орындаушылық шеберлігін шыңдау.

2. Байқауды өткізу шарттары:

Babasovdir@mail.ru электрондық поштасына немесе WhatsApp нөміріне (8 7712503853) қатысушының толық аты-жөнін, жасын, туған күні, айы, жылын, орындайтын шығармасы мен авторы туралы мәліметтерді, сондай-ақ білім беру ұйымының атауы мен жетекшісінің аты-жөнін, телефон нөмірін толық жазып жіберу қажет.

Қатысушылар томендегі жас ерекшеліктері бойынша өзара сайысқа түседі:

1. Орта топ — 10-12 жас.
2. Үлкен топ — 13-15 жас аралығында.

Байқаудың барлық үміткерлері ансамбльмен 1 күй орындайды.

3. Байқау аудандық қосымша білім беру ұйымдарының қазақ ұлт-аспаптар ансамбльдері арасында өткізіледі.

3. Байқаудың критерийлері:

1. Күй құдіретін халыққа жеткізе білу, шығармаларды нақышына келтіре орындау.
2. Дыбыстың тазалығын, сапасын, орындаушылық шеберлігін көрсету.
3. Ансамбльмен орындауда ансамбль үйлесімділігі мен тепе-теңдігін сақтау.
4. Сахна мәдениеті, ұлттық киімдері ескеріледі.

4. Жеңімпаздарды марапаттау:

Әр жас ерекшелігі бойынша «Бас жүлде», I, II, III жүлделі орындар дипломмен марапатталады. (Әділ қазылар алқасының шешімі бойынша ұнай саны тең қатысушыларға орындар бөлінуі мүмкін.)

6. Байқаудың өткізілу орны мен мерзімі

Байқау 2026 жылдың 17 қазанында, Аудандық мәдениет үйінің концерт залында өткізіледі. Сағат 9.00-де тіркеу, сағат 10.00-де байқау басталады.

Ескерту: 15 қазаннан кейін келген өтінімдер қабылданбайды.

Қосымша байланыс телефоны: 8 7712503853, Умбетова Перизат Умирбековна

Үлгі:

№	Ансамбльдің аты, қатысушының аты-жөні	Жасы	Білім беру ұйымының атауы	Орындайтын шығармасы, авторы	Жетекшісі, телефоны
1	«Үкілі домбыра» домбырашылар ансамблі: Сатындық Раяна, Мақұлбек Абылайхан, Сатымхан Нұриддин, Серік Алихан, Берік Нұрасыл	8 ж, 10 ж, 9 ж, 8 ж, 9 ж, 10 ж	М.Төлебаев атындағы музыка мектебі	Халық күйі «Нәр ағашы»	Умбетова Перизат Умирбековна